



## 10 сынып ОҚЫЛЫМ

**1-тапсырма. Мәтінді оқып, көп нүктенің орнына «бай», «байлық» деген сөздерді тиісті тұлғасында қойыңыз да, мәтіннің астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.**

Ертеде бір жас жігіт өзінің кедейлігін айтып, әрдайым мұңын шағудан жалықпайды екен.

- Шіркін-ай, егер менің (1)... көп болса, жақсы өмір сүрер едім, — деп зарлауын қоймапты.

Бір күні жігіттің лашығының алдынан қарт тас қашаушы өтіп бара жатып, зарлап отырған жігіттің қасына келеді.

- Саған не болды сонша жыланып? Сен нағыз (2)... адам емессің бе? — дейді.

- Мен (3)... ба? — деп жігіт таң қалады. — Ол қандай байлық?

- Сенің көздерің ше? Бір көзінді біреуге қаншаға сатып берер едің? — деп сұрайды қарт. □

- Оның не?! — деп шошып кетеді жігіт, — көзімді ешқандай (4)... айырбастамаймын.

- Ал енді екі қолың мен аяғыңның біреуін алтынға айырбастар ма едің?

- Жоқ, ешқайсысын да алтынға айырбастамаймын, — дейді жігіт.

- Міне, көрдің бе, сен өте бай адамсың. Адамның ең үлкен (5)... — күш-қуаты мен денсаулығы, — дейді қарт. — Оны ақшаға сатып ала алмайсың.

Қарт осыны айтады да, жөніне кетеді.

**1. «тас қашаушы» сөзінің аудармасын табыңыз.**

a) строитель

b) сапожник

c) угольщик

d) камнетес

**2. Жігіттің негізгі қателігі неде?**

a) өмірді тым көңілді өткізуінде

b) өте сараң болуында

c) өзінде барын дұрыс бағаламауында

d) жалқау болуында

**3. Мәтінге сәйкес мақалды белгілеңіз.**

a) Күлме досыңа, келер басыңа.

b) Аурудың жақсысы жоқ, □

Дәрінің тәттісі жоқ.

c) Бірінші байлық — денсаулық.

d) Ақылдан артық байлық жоқ. □

**4. Мәтіндегі негізгі ойды көрсетіңіз.**

a) Менің байлығым көп болса, жақсы өмір сүрер едім.

b) Адамның ең үлкен байлығы — күш-қуаты мен денсаулығы

c) Саған не болды сонша жыланып?

d) Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле. □

**5. Мәтінде қандай синоним сөздер бар?**

a) ақша, айырбас

b) кедейлік, байлық

c) жылану, зарлау

d) шошу, таң қалу

**2-тапсырма. Мәтінді оқып, мәтіннен кейінгі тест тапсырмаларын орындаңыз.**

- Ақнұр, еліміздің тәуелсіздік алғанына да жиырма жыл болып қалды.

«Елу жылда ел жаңа» демекші, осы уақытта талай өзгерістердің куәсі болдық-ау.

- Иә, Мақсат, шүкір, еліміздің асығы алшысынан түсіп отыр. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында еліміздің мемлекеттік рәміздері, □

Конституциясы қабылданды, ұлттық валютамыз айналымға енді.

Елордамыз Ақмола қаласына көшірілді.

1998 жылы Ақмола қаласының аты «Астана» деп өзгертілді.

Бүгінде елордамыз Астана қаласы әлем халықтарының ерекше назарында болып тұр ғой.

- Рас, әлем халықтары 130-ға жуық ұлт өкілдері тұратын қазақ жеріндегі ұлтаралық татулық пен келісімге де қызыға қарап отыр. □

- Иә, Қазақстан Республикасы — барша Қазақстан халқының Отаны. Тәуелсіз еліміз осы уақыт аралығында 100-ден аса елдермен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты, дүниежүзілік халықаралық ұйымдарға мүше болды.

- Шынымен де осы уақыт аралығында еліміздің қол жеткізген жетістіктері аз емес. Болашақта да осылай еліміз тыныш, аспанымыз ашық болса екен деп тілеймін.

- Айтқаның келсін. \_\_\_\_\_



«Сәті түсіп, жолы болып тұр» дегенді білдіретін сөз тіркесін табыңыз.

- a) еліміз тыныш, аспанымыз ашық
- b) әлем халықтарының ерекше назарында
- c) еліміздің асығы алшысынан түсіп отыр
- d) талай өзгерістердің куәсі болдық
- e) қол жеткізген жетістіктері аз емес

**2. Мәтіндегі жалпылау есімдігін табыңыз.**

- a) біраз
- b) аса
- c) осы
- d) рас
- e) барша

**3. Жасаған бір жақсылығы үшін аллаға алғыс айту дегенді білдіретін сөзді көрсетіңіз.**

- a) назар
- b) рас
- c) әлем
- d) шүкір
- e) барша

**4. Осы мәтіннің мазмұнына сәйкес сөйлемді толықтырыңыз: Тәуелсіз еліміз осы уақыт аралығында 100-ден аса елдермен...**

- a) бәсекелес болды.
- b) дипломатиялық қарым-қатынас орнатты.
- c) экономикалық қарым-қатынас орнатты.
- d) сауда қарым-қатынасын жасады.
- e) ынтымақтастық туралы шартқа отырды.

**5. Мәтіндегі бұйрық райдағы сөйлемді анықтаңыз.**

- a) 1998 жылы Ақмола қаласының аты «Астана» деп өзгертілді.
- b) Еліміздің тәуелсіздік алғанына да біраз жыл болып қалды.
- c) Осы уақытта талай өзгерістердің куәсі болдық.
- d) Конституциясы қабылданды.
- e) Айтқаның келсін.

**6. Тыңдаған мәтіннің мазмұнына сәйкес сөйлемді толықтырыңыз:**

**Әлем халықтары 130-ға жуық ұлт өкілдері тұратын қазақ жеріндегі...**

- a) аса бай пайдалы қазбаларға қызыға қарап отыр.
- b) ерекше сұлу табиғатқа қызыға қарап отыр.
- c) ұлтаралық татулық пен келісімге қызыға қарап отыр.
- d) минералдық шикізат ресурстарына қызыға қарап отыр.
- e) нарықты дамыту мүмкіндіктеріне қызыға қарап отыр.

**7. Мәтіндегі «біраз» сөзінің синонимін табыңыз.**

- a) тым көп
- b) түк емес
- c) аса көп емес
- d) аз емес
- e) мардымсыз

**8. Мәтін бойынша нақты қолданылған сөздермен аяқтаңыз. Ұлттық валютамыз...**

- a) өзгертілді
- b) қабылданды
- c) көшірілді
- d) әлем халықтарының ерекше назарында болып тұр
- e) айналымға енді

**9. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің белгісін көрсетіңіз.**

- a) ұлтаралық татулығы
- b) жаңа елордасы
- c) табиғаты
- d) рәміздері
- e) пайдалы қазбалары

**10. «тәуелсіздік» сөзіне мағыналас сөздерді жазыңыз.**



10 сынып  
Лексика-грамматикалық тест

1. Сабақтас құрмалас сөйлемнің қай түріне жататынын анықтаңыз. Ол жақсы оқыса, университетке түседі.

- a) қарсылықты
- b) шартты
- c) себеп
- d) мақсат
- e) мезгіл

2. Берілген сөйлемге тиісті одағайды көрсетіңіз. ... ! Достар түгел жиналыпты.

- a) Қап
- b) Бәрежелді
- c) Жә
- d) Өттеген-ай
- e) Әй

3. Тұйық етістіктің жұрнағы жалғанғанда соңғы дыбысты өзгеріске ұшырайтын сөзді көрсетіңіз.

- a) Кел
- b) Бар
- c) Сеп
- d) Айт
- e) Жүр

4. Одағай сөзге байланысты қойылып тұрған тыныс белгіні табыңыз.

- a) Балам, арыңды жасыңнан сақта.
- b) Өттең, қазір жанымда ағам болғанда ғой.
- c) Амал қанша, ақырын күту керек.
- d) Арман, сен үйіңе бара ғой.
- e) Желтоқсанда екінші тоқсан аяқталады.

5. Белгісіздік есімдіктерді анықтаңыз.

- a) Олар, бұлар
- b) Менен, одан
- c) Ешқашан, ешқайда
- d) Мен, сен
- e) Кейбіреуге, біреудің

6. Етістіктің мақсатты келер шақ түрін табыңыз.

- a) көрді
- b) көрер
- c) көрме
- d) көрмекпіз
- e) көрген

7. Арман сөзіне тіркес бола алатын сын есімді көрсетіңіз.

- a) биік
- b) көк
- c) таза
- d) ширақ
- e) ашық

8. «Ірі» сөзінің антонимін көрсетіңіз.

- a) аласа
- b) ұсақ
- c) аз
- d) кішкентай
- e) қысқа

9. Сөйлемде есімше қандай сөйлем мүшесі екенін белгілеңіз. Менің айтар сөзім-осы.

- a) Тольықтауыш.
- b) Баяндауыш.
- c) Бастауыш.
- d) Анықтауыш.
- e) Пысықтауыш.

10. Қыстырма сөзі бар сөйлемді табыңыз.

- a) Үлкенді сыйлау-асыл қасиет.
- b) Тұрмыс құр, балам.
- c) Көктем айларында біресе жаңбыр, біресе қар жауады.
- d) Мен, шынымды айтайын, қорқудамын.



е) Жаман айтпай, жақсы жоқ .

**11. Антонимді көрсетіңіз.**

- a) алыс – төмен
- b) ұсақ – биік
- c) жеңіл – биік
- d) әлсіз – үлкен
- e) сау – ауру

**12. Қыстырма сөзді табыңыз.**

- a) Абылай
- b) алақай
- c) бәлкім
- d) кітап
- e) ойбай

**13. Көп нүктенің орнына тиісті шылауды қойыңыз. Маған өнер адамдары ... кітаптар ұнайды.**

- a) сияқты
- b) туралы
- c) үшін
- d) ғана
- e) бірге

**14. Еліктеу сөзден жасалған зат есім қай сөйлем мүшесі болып тұрғанын белгілеңіз.**

Оның құлағына гүріл естілді.

- a) пысықтауыш
- b) баяндауыш
- c) анықтауыш
- d) бастауыш
- e) толықтауыш

**15. Ойдың кімнен шыққанын білдіретін қыстырма сөзді анықтаңыз.**

- a) Қорыта айтқанда
- b) Бақытына қарай
- c) Оның пікірінше
- d) Екіншіден
- e) Мүмкін

**16. Қазақстанның батысында орналасқан қалаларды белгілеңіз.**

- a) Павлодар, Екібастұз
- b) Қостанай, Қарағанды
- c) Жезқазған, Астана
- d) Түркістан, Шымкент
- e) Ақтау, Ақтөбе

**17. Қазақстанда Тілдер мерекесі қай айда өтетінін анықтаңыз.**

- a) қыркүйек
- b) маусым
- c) қараша
- d) қазан
- e) мамыр

**18. Қазақстандағы ең тұщы көлді табыңыз.**

- a) Марқакөл
- b) Балқаш
- c) Зайсан
- d) Алакөл
- e) Маралды

**19. «Тілашар» тойы қашан өткізілетінін белгілеңіз.**

- a) Балабақшаға барғанда
- b) Бала мектепке барғанда
- c) Бала енді жүре бастағанда
- d) Жоғары оқу орнына түскенде
- e) Мектеп бітіргенде

**20. Мемлекеттік тудағы қыран құс ненің белгісі екенін атаңыз.**

- a) бостандықтың
- b) тыныштықтың
- c) бейбітшіліктің
- d) тазалықтың
- e) адалдықтың



**10 сынып**  
**Эссе тақырыптары**

1. Мектеп - білім тірегі, ұстаз - оның жүрегі
2. Отбасымыздағы құндылықтар
3. Отаным десем, ойыма...

814

814

814



814



814



814



814



814



814